

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Қызылорда
облысының білім басқармасы

**Қазалы ауданы, Майдакөл ауылындағы №98 орта
мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған
жұмыстық оқу жоспары**

**Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
№ 98 орта мектебі коммуналдық
мемлекеттік мекемесінен
2022 – 2023 оқу жылына арналған
оқу жоспарына**

Түсініктеме хат

«Қазалы ауданының білім бөлімінің № 98 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2022 – 2023 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 1,6,86 қосымшаларын басшылыққа алып және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық академиясының «2022 – 2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатына сай жасалып, құрылған.

Бастауыш саты бойынша жұмыстық оқу жоспары – «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары» бойынша, негізгі орта «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» бойынша, ал жалпы орта білім берудің жұмыстық оқу жоспары «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану – математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары» негізінде жасалған.

Бастауыш саты бойынша 1 – 4 сыныптар бастауыш сатының жұмыстық оқу жоспарының инвариантты компоненті 6 білім салаларынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру»; Әрбір білім салалары бірнеше пәнді қамтиды. «Тіл және әдебиет» білім саласына – «Әліппе», «Ана тілі», «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу», «Орыс тілі», «Шетел тілі» пәндері; «Математика және информатика» білім саласына – «Математика» және «Цифрлық сауаттылық» пәні, «Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану» пәні, «Адам және қоғам» білім саласына – «Дүниетану» пәні, «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Көркем еңбек», «Еңбекке баулу» (1-сынып), «Бейнелеу өнері» (1-сынып) пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру пәні» кірді.

Негізгі сатының жұмыстық оқу жоспарының инвариантты компоненті 6 білім салаларынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер» «Дене шынықтыру»; Әрбір білім салалары бірнеше пәнді қамтиды. «Тіл және әдебиет» білім саласына – «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Шетел тілі» (ағылшын тіл) пәндері; «Математика және информатика» білім саласына – «Математика», «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндері,

«Жаратылыстану» білім саласына – «Жаратылыстану», «География», «Биология», «Физика», «Химия» пәндері, «Адам және қоғам» білім саласына – «Дүние жүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Құқық негіздері» пәндері, «Технология және өнер» білім саласына – «Музыка», «Көркем еңбек» пәндері, «Дене шынықтыру» білім саласына – «Дене шынықтыру» пәні кірді.

Жалпы орта сатының жұмыстық оқу жоспарына оқытудың «Жаратылыстану – математикалық» бағытының инвариантты компоненті бойынша 16 пән қамтылған. «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «Шетел тілі», «Қазақстан тарихы», «Дүние жүзі тарихы», «География», «Биология», «Физика», «Химия», «Құқық негіздері» пәндері және «Дене шынықтыру», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндері кірді.

Мектептің оқу жоспарын жасаған кезде стандарт бойынша бөлінген сағаттардың барлығы алынды. Мектеп бойынша **15** сынып комплекті бар. 1-4- сыныптар аралығында – 165 сағат, 5 – 9 - сыныптар аралығында – 183,5 сағат, 10 – 11- сыныптарда – 68 апталық сағат саны қамтылды. Ондағы жалпы сағат саны- **416,5** сағат.

Бастауыш білім берудің оқу жоспарына сәйкес 1-4 сыныптар аралығында ұйымдастырылған белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сағаттар төмендегідей бөлінді:

Білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытып, ой-өрістерін кеңейту, математикаға қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Математика және логика» курсына 1-сыныптарға – 1 сағаттан;

Білім алушылардың интеллектуальды дамуына жағдай жасау, шахматтың қыр-сырын үйрету мақсатында 2-4 сыныптар аралығында «Шахмат» курсына – 5 сағат берілді. Бастауыш сыныптарда барлығы – 7 сағат берілді.

Жаһандық құзыреттер курстары бойынша барлығы – **5,5** сағат төмендегіше бөлінді;

«Тіршілік қауіпсіздігі» юниті бойынша 5-сыныпқа – 0,5 сағат, 6-сыныптарға – 0,5 сағаттан, 7-сыныпқа – 0,5 сағат, 8-сыныпқа – 0,5 сағат, 9-сыныпқа – 1 сағат, 10-сыныпқа АӘТД – 1 сағат, «Қаржылық сауаттылық» юнитіне – 1 сағат, барлығы – **5,5** сағат берілді.

Элективті курстар бойынша 10-сыныпқа физика курсына – 1 сағат, 11-сыныпқа «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» курсына - 1 сағат, барлығы **2** сағат берілді.

Жалпы мектеп бойынша апта ішінде барлығы – **416,5** сағат қамтылып отыр.

№ 98 орта мектеп директоры:



А. Иманов

№98 орта мектептің 2022 – 2023 оқу жылына жасаған оқу жоспары

«Келісемін»
Бөлім басығысы

Ә.Жолекешов

«Бекітемін»
Мектеп директоры
А.Иманов

р/с	Пәндер	1 – 4 сыныптар бойынша апталық сағат саны							
		1 ^А	1 ^Б	2 ^А	2 ^Б	3	4 ^А	4 ^Б	1-4
I	Тіл және әдебиет	6	6	11	11	11	11	11	67
1	Әліппе, Ана тілі	6	6						12
2	Қазақ тілі			4	4	4	4	4	20
3	Әдебиеттік оқу			3	3	3	3	3	15
4	Орыс тілі			2	2	2	2	2	10
5	Шетел тілі			2	2	2	2	2	10
II	Математика және информатика	4,5	4,5	5	5	6	6	6	37
6	Математика	4	4	4	4	5	5	5	31
7	Цифрлық сауаттылық	0,5	0,5	1	1	1	1	1	6
III	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	2	10
8	Жаратылыстану	1	1	1	1	2	2	2	10
IV	Адам және қоғам	1	1	1	1	1	1	1	7
9	Дүние тану	1	1	1	1	1	1	1	7
V	Технология және өнер	3	3	2	2	2	2	2	16
10	Музыка	1	1	1	1	1	1	1	7
11	Көркем еңбек			1	1	1	1	1	5
12	Еңбекке баулу	1	1						2
13	Бейнелеу өнері	1	1						2
VI	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21
14	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	3	21
Инвариантты оқу жүктеме		18,5	18,5	23	23	25	25	25	158
Белсенді-қозғалмалы жеке және топтық сабақтар									
1	Математика және логика	1	1						2
2	Шахмат			1	1	1	1	1	5
Жоғары шекті оқу жүктеме		19,5	19,5	24	24	26	26	26	165
Барлығы		19,5	19,5	24	24	26	26	26	165

№98 орта мектептің 2022 – 2023 оқу жылына жасаған оқу жоспары


p/c	Сыныбы Пәндер	5-11 сыныптар бойынша апталық сағат саны										
		5	6 ^A	6 ^B	7	8	9	5-9	10	11	10-11	5-11
1	Қазақ тілі	3	3	3	3	2	2	16	1	1	2	18
2	Әдебиет	2	2	2	2	3	3	14	2	2	4	18
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	3	3	3	18	2	2	4	22
4	Шетел тілі	3	3	3	3	3	3	18	3	3	6	24
5	Математика	5	5	5				15				15
5	Алгебра				3	3	3	9	4	4	8	17
6	Геометрия				2	2	2	6	2	2	4	10
7	Информатика	1	1	1	1	1	1	6	2	2	4	10
8	Музыка	1	1	1				3				3
9	Көркем еңбек	2	2	2	1	1	1	9				9
10	Дене шынықтыру	3	3	3	3	3	3	18	3	3	6	24
11	Жаратылыстану	2	2	2				6				6
12	География				2	2	2	6	2	2	4	10
13	Биология				2	2	2	6	2	2	4	10
14	Физика				2	2	2	6	2	2	4	10
15	Химия				1	2	2	5	2	2	4	9
16	Дүние жүзі тарихы	1	1	1	1	1	1	6	1	1	2	8
17	Қазақстан тарих	2	2	2	2	2	2	12	2	2	4	16
18	Құқық негіздері						1	1	1	1	2	3
19	АӨД								1	1	2	2
Инвариантты оқу жүктеме		28	28	28	31	32	33	180	32	32	64	244
Жаһандық құзыреттер												
1	Тіршілік қауіпсіздігі	0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3,5				3,5
2	АӨТД								1		1	1
3	Қаржылық сауаттылық									1	1	1
Элективті курстар												
1	Физика								1		1	1
2	Бизнес және кәсіпкерлік негіздері									1	1	1
Вариативтік оқу жүктемесі		0,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	3,5	2	2	4	7,5
Жоғары шекті оқу жүктеме		28,5	28,5	28,5	31,5	32,5	34	183,5	34	34	68	272
Барлығы								183,5			68	251,5

Жасаған:



Мектеп директорының оқу жұмысы
жөніндегі орынбасары А.Китмамбетов

Тексерген:



Аудандық білім бөлімінің
сектор меңгерушісі
К.Шамшадинов